

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің борыштары бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1714

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің орындалған жұмыстар, кәсіпорындар мен ұйымдардан алған материалдық құндылықтар үшін жинақталып қалған берешегін өтеу, сондай-ақ Шекара әскерлерін материалдық ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік салық комитеті республикалық бюджет пен қосымшаға сәйкес алынған материалдық құндылықтар мен көрсетілген қызметтер үшін несиелік берешегін өтеуге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаржыландыру есебіне республикалық бюджетке төлемдер бойынша берешегі бар кәсіпорындар мен ұйымдардың арасындағы 591352 мың (бес жүз тоқсан бір миллион үш жүз елу екі мың) сома берешекке есептеме жүргізсін.

2. Есептеме аталған сомаларды 1996 жылға арналған республикалық

бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілген материалдық құндылықтардың толықтығы мен сапасына, сондай-ақ бағалардың негізділігіне бақылау орнатсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1714 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекара күзеті

жөніндегі мемлекеттік комитетінің несиелік берешегін  
өтеу есебіне қабылданған кәсіпорындардың, ұйымдар  
мен олардың республикалық бюджетке салықтық төлемдерінің

ТІЗБЕСІ

(мың теңгеде)

Ұйымдардың атауы | Есептемеге | Оның ішінде төлем түрлері бойынша  
мен | қабылдан. | \_\_\_\_\_

кәсіпорындардың | ған сома, | Қосылған | заңды | Экономиканы  
| барлығы | құнға | тұлғалардан | жаңғырту  
| | салынатын | алынатын | қоры  
| | салық | табыс |  
| | салығы |

1 | 2 | 3 | 4 | 5

1. "Келет" шағын

жеке меншік

кәсіпорны,

Алматы қаласы 13760 4800 8960

2. "Казкоммунэнер.

гомонтаж" жабық

үлгідегі акционерлік

қоғамы, Алматы

қаласы 2578 2578

3. "Сұңқар"

өндірістік-

коммерциялық

компаниясы

акционерлік

қоғамы, Алматы қаласы 9000 9000

4. "Мерей" акционерлік

қоғамы, Алматы қаласы 18546 18546

5. Павлодар картон-

рубериод заводы,

Павлодар қаласы	8000	8000	
-----------------	------	------	--

6. "Промсельхозпродукция" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,  
Алматы қаласы

	1220	1220	
--	------	------	--

7. "Алматы ауыл машина жасау заводы" акционерлік қоғамы,  
Алматы қаласы

	250000	110762	139238
--	--------	--------	--------

8. "Промдорстрой" акционерлік қоғамының  
N 2 жол көпір құрылысы басқармасы, Алматы қаласы

	5968	4143	1825
--	------	------	------

9. Киров атындағы завод, Алматы қаласы

	9000	9000	
--	------	------	--

10. "Авиациялық-техникалық орталық 405" акционерлік қоғамы,  
Алматы қаласы

	9500	9500	
--	------	------	--

11. "Баспагер" акционерлік қоғамы,  
Алматы қаласы

	980	980	
--	-----	-----	--

12. "Үлбіметаллургия заводы" ашық түрдегі акционерлік қоғамы,  
Өскемен қаласы

	200000	169700	30300
--	--------	--------	-------

13. "Алматы Поршень заводы" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

	62800	59600	3200
--	-------	-------	------

Барлығы        591352    229149    331903    30300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК